



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2025 жылғы «16» 04
Қарауылкелді ауылы

№ 97

«16» 04 2025 г
с.Қарауылкелді

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау жүргізу және талдау жүргізетін
жұмысшы тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байғанин ауданының білім бөлімі» ММ қызметіне 2025 жылдың 1 мамыры мен 1 маусымы аралығында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылсын:

1) бөлімнің қызметін қорғайтын нормативтік құқықтық актілерде және құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

3. Талдау жүргізетін жұмысшы тобы келесі құрамда құрылсын:

А.Адилханова – бөлімнің сектор меңгерушісі, ішкі талдауды жүргізуге және жұмыстың нәтижесіне басшылық, үйлестіру және жауаптылық жүктелген тұлға, жұмыс тобының басшысы;

Н.Ноғаев – бөлімнің заңгері – жұмыс тобының мүшесі;

Д. Нысанбаева – бөлімнің бас есепшісі – жұмыс тобының мүшесі;

К.Суйесинов – әдістемелік кабинет меңгерушісі – жұмыс тобының мүшесі;

С.Дербісов – Білім саласы қызметкерлерінің кәсіподағы ұйымының Байғанин ауданы бойынша филиалының төрағасы - жұмыс тобының мүшесі.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Бөлім басшысының м.а.



А.Адилханова